Топтың маңызды есепті бағалаулары мен пайымдаулары 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте ашылып көрсетілген. 2020 жылғы бірінші жарты жылдықтың соңында, бұрын қолданылған бағалаулар мен пайымдаулар ағымдағы нарықтық жағдайды көрсету үшін өзгерістерді енгізу қажеттілігінің мәніне сараланды. Кейбір активтер мен міндеттемелерді бағалау жылдық шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте көрсетілгенмен, оның ішінде төменде көрсетілгендермен салыстырғанда белгісіздіктің барынша жоғары деңгейіне ұшырағыш келеді.

***Мұнай-газ активтерінің, мұнай өңдейтін және өзге де активтердің өтелуі***

2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде нарықтық бағаның айтарлықтай өзгеруі нәтижесінде құнсыздануға тестілеу жүргізу кезінде пайдаланылған бағалық жол берулер қайта қаралды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)**

***Мұнай-газ активтерінің, мұнай өңдейтін және өзге де активтердің өтелуі (жалғасы)***

Топтың Brent маркалы мұнайға болжамды бағаларға, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы мен инфляцияның көрсеткіштеріне қатысты ұзақ мерзімді жорамалдары қайта қаралды және сыртқы ақпарат көздерінен алынған болжамдарға және ұзақ мерзімді нарықтық үміттерді болжайтын тәуелсіз зерттеу ұйымдарының бағалауларына негізделген. Өндіріс көлемдерінің есептеулері еншілес ұйымның дәлелденген әзірленген және әзірленбеген қорларына, сондай-ақ елеулі бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар үшін дәлелденген және ықтимал қорларына негізделген. Өндіру кезеңі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімінің аяқталу күнімен не болмаса Топтың лицензияның қолданылу мерзімін ұзартуға ниеті болғанда, лицензияның қолданылу мерзімін ұзарту кезеңімен айқындалады. Өндірістің бағаланған көлемі Топтың өндірістік жоспарларына негізделген, олар, негізінен, жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді беру үшін пайдаланылады.

Пайдалану құндылығын бағалау әдісімен құнсыздану мәніне тестілеу кезінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемелері де қайта қаралды. Дисконттау мөлшерлемелері ақша ағындарын жасайтын бөлек бірлік капиталының орташа алынған құнының негізінде есептелді және функционалдық валютаға, өндіріс кезеңіне, тәуекел үшін сыйлықақыға, бета коэффициентке және ақша ағындарын жасайтын тиісті бірліктің меншікті және қарызға алынған қаражатының ара қатынасына қарай 8,92%-дан бастап 14,01%-ға дейін құбылып отырды.

Екінші тоқсанның соңында Топтың мұнай мен газ бағаларына және құнсыздануға арналған тестілеуді жүргізу үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелеріне қатысты жорамалдарын қайта қарау бірінші тоқсанның соңына ЕГДС «Эмбамұнайгаз» байланысты 60.440 миллион теңге *(26-ескертпе)* және Топтың бірлескен кәсіпорны мен қауымдасқан компаниясына қатысты 38.000 миллион теңге мөлшеріндегі *(9-ескертпе)* сомаларды қоспағанда, 2020 жылдың екінші тоқсаны үшін құнсызданудан болған қандай да бір елеулі шығындардың мойындалуына әкеп соқтырмады.

Топ құнсыздануға арналған тестілеуді жүргізу үшін пайдаланылған өзінің баға жорамалдарын қайта қарады. 2020 жылға арналған нақты көрсеткіштерде қайта қаралған жорамалдардың қысқаша ақпараты төменде көрсетілген:

| | 2020 жылдың екінші жарты жылдығы | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл |
|---|---|---|---|---|---|
| Brent маркалы мұнай ($/баррель) | 39 | 47 | 55 | 60 | 64 |

COVID-19 пандемиясы 2020 жылдың екінші тоқсанында жалғасқандықтан, Топ Павлодар мұнай-химия зауытына қатысы бар гудвиллді қоса алғанда, қайта өңдеу бойынша активтердің өтелетін сомаларын бағалады. Топ басқа факторлармен қатар мұнай өңдейтін зауыттардың болжамды маржасын және өндіріс көлемдерін ескерді. KMG International (бұдан әрі – «ҚМГ») қайта өңдеу бойынша активтердің өтелетін сомасының құнсыздануына жүргізілген тестілеудің нәтижесінде 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте 159.009 миллион теңге сомаға құнсызданудан болған шығындар танылды *(26-ескертпе)*, қайта өңдеу бойынша басқа активтердің өтелетін құны олардың баланстық құнынан жоғары болып табылады.

Топ шикі мұнай мен газды және өзге де активтерді өткізу бойынша активтердің бағалануын қайта қарады, нәтижесінде өтелетін құн баланстық құннан асатын ретінде айқындалды және тиісінше, құнсыздану есептелмеді.

***Энергия өндіруші активтер***

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЕМАЭС-1») және «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі – «ЕМАЭС-2») еншілес ұйымдардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтердің құнсыздануына тест өткізді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)**

***Энергия өндіруші активтер (жалғасы)***

ЕМАЭС-2 негізгі құралдары мен материалдық емес активтердің құнсыздану белгілерінің болуын бағалау нәтижесінде басшылық талдауды жасау күніне құнсыздану белгілері жоқ деген тұжырымға келді. Тиісінше, Топ басшылығы 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ЕМАЭС-2-нің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест өткізбеу шешімін қабылдады.

Құнсыздану белгілерінің жоқтығына нұсқайтын негізгі факторлар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің Бұйрығына сәйкес электр энергиясына арналған тарифтің 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 7,73 теңге/кВтс бастап 9,13 теңге/кВтс дейін едәуір өсуі және электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін 2021 жылдан бастап белгіленген пайданы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 205 Бұйрығымен бекітілген теңестіруші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңестіру үшін белгіленген пайданы айқындаудың жаңа әдістемесін қолдану болып табылады.

Топ 2020 жылғы 30 маусымға *«Активтердің құнсыздануы»* 36 ХБЕС-ке сәйкес ЕМАЭС-1 негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына арналған тестті жаңартты, бұл кәсіпорын экономикадағы ағымдағы ахуалдың теріс ықпалына ұшырағыш.

*ЕМАЭС-1*

Келесі кестеде құнсыздануды есептеу амалдары 2020 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша жаңартылған жорамалдардағы негізгі өзгерістер баяндалған:

| 2020 жылғы 31 мамырға | Өлш. бірл. | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ээ тарифі – Қазақстан | теңге/кВт.с | 5,80 | 8,61 | 8,78 | 8,80 | 8,76 | 8,78 |
| Қуаттылықты қолдау қызметтеріне тариф | млн теңге / (МВт*ай) | 0,59 | 0,63 | 0,66 | 0,70 | 0,73 | 0,75 |
| Қуаттылықты реттеу қызметтеріне тариф (KEGOC) | млн теңге / (МВт*ай) | 0,69 | 0,72 | 0,76 | 0,79 | 0,82 | 0,84 |

| 2019 жылғы 31 желтоқсанға | Өлш. бірл. | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ээ тарифі – Қазақстан | теңге/кВтс | 5,76 | 6,51 | 6,78 | 7,06 | 7,62 | 7,79 |
| Қуаттылықты қолдау қызметтеріне тариф | млн теңге / (МВт*ай) | 0,59 | 0,62 | 0,65 | 0,67 | 0,70 | 0,72 |
| Қуаттылықты реттеу қызметтеріне тариф (KEGOC) | мың теңге / кВтс | 0,69 | 0,80 | 0,84 | 0,87 | 0,90 | 0,93 |

Топ қарызға алынған қаражаттың есебінен «Жаңа электр сүзгілерін орната отырып №1 энергоблокты қалпына келтіру» инвестициялық жобаны іске асырудың жоспарланған аяқталуына орай 2024 жылдан бастап электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтеріне дербес тарифті алуды күтеді. «Энергетика министрлігінің «Жаңғыртудың, кеңейтудің, реконструкциялаудың және (немесе) жаңартудың инвестициялық бағдарламаларын қарауға жіберу, оларды қарау және іріктеу, жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісімдерді жасасу, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттарды тиісінше жасасуды және осы шарттар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемдері мен мерзімдерін белгілеу қағидаларына» сәйкес 2020 жылғы 30 қаңтарда нарық Кеңесіне өтінім берілді.

2020 жылғы 27 наурызда Нарық кеңесінің сараптамалық Комиссиясының 2020 жылғы 11 наурыздағы ұсынымдары қарастырылған Нарық кеңесі Президиумының отырысы өткізілді және уәкілетті органның қарауына ЕМАЭС-1 және өзге де энергия өндіруші компаниялардың инвестициялық бағдарламаларын жіберуді ұсыну шешімі қабылданды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)**

***Энергия өндіруші активтер (жалғасы)***

*ЕМАЭС-1 (жалғасы)*

| Өткізу көлемі 2020 жылғы 31 мамырға | Өлш. бірл. | 2020 жылғы 7 | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясын өткізу – Қазақстан | млн кВтс | 9.607 | 16.832 | 18.011 | 19.026 | 19.660 | 20.054 |
| Электр қуатын өткізу | мВт | 10.931 | 25.798 | 26.248 | 27.078 | 22.058 | 22.761 |
| Электр энергиясын өткізу – Өзбекстан | млн кВтс | 875 | 1.500 | 1.174 | 31 | – | – |

| Өткізу көлемі 2019 жылғы 31 желтоқсанға | Өлш. бір. | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023 жыл | 2024 жыл | 2025 жыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Электр энергиясын өткізу – Қазақстан | млн кВтс | 17.527 | 18.935 | 20.261 | 21.404 | 22.117 | 22.616 |
| Электр қуатын өткізу | МВт | 18.744 | 25.800 | 26.244 | 27.072 | 28.056 | 28.764 |
| Электр энергиясын өткізу – Өзбекстан | млн кВтс | 1.500 | 1.500 | 1.174 | – | – | – |

2020 жылы қуаттылықты өткізу көлемі 2019 жылдың желтоқсанында өткізілген орталықтандырылған сауда-саттықтың қорытындылары бойынша қабылданды. 2021 жылдан бастап ЕМАЭС-1 сауда-саттықта қуаттылықты өткізудің орташа нарықтық тарифі кезінде нарыққа негізгі қатысушылардың арасында тепе-тең етіп бөлінуді күтеді. Басшылық ЕМАЭС-1 қуаттылықтың болжамды көлемдерін 2021 жылдан бастап өткізе алатындығына сенімді, өйткені қуаттылық қажет болып тұр және осыған станцияның ағымдағы жүктемесі және сату көлемі нұсқап отыр. Сондай-ақ 2020 жылы электр энергиясын жеткізу шарты 2019 жылы Узбекэнергомен қол қойылды.

Жүргізілген тесттің нәтижесінде басшылық құнсызсыздануды анықтамады. Құнсыздануға арналған тестілеудің нәтижелері бойынша активтердің өтелетін құны 2020 жылғы 30 мамырға 566.538 миллион теңге мөлшерінде айқындалды, бұл активтердің баланстық құнынан 126.954 миллион теңгеге асады. Тиісінше, Топ 2020 жылы құнсызданудан болған шығынды мойындамады.

Егер электр энергиясына тариф 2020-2025 жылдарға 5,8 теңге/кВт. с. деңгейінде қалған жағдайда, компания активтерінің өтелетін құны 336.225 миллион теңгеге олардың баланстық құнынан аз болады.

Егер электр энергиясына шекті тариф бұрынғы деңгейде қалған жағдайда, әрі бұл ретте Компания шығын шекпесе және пайда әкелмейтін болса (рентабельділік шегі), активтердің өтелетін құны 128.088 миллион теңгеге олардың баланстық құнынан аз болады.

Терминалдық құнды есептеу үшін пайдаланылған ұзақ мерзімді инфляция мөлшерлемесі жылдық 2,31% құрайды. Дисконттау мөлшерлемесі салаға тән болатын тәуекелдердің ағымдағы нарықтық бағалануын ескере отырып есептелген және 11,52% (2019 жылы: 10,62%) мөлшерінде әр компания капиталының орташа алынған құнының негізінде айқындалған.

***Теміржол активтері***

Топ құнсыздану индикаторларының болуына орай 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануына тест жасалды. Топтың негізгі құралдарын, материалдық емес активтері мен гудвилін пайдалану құндылығын есептеуде пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі (WACC) 11,2% болды.

Жүргізілген есептеудің негізінде құнсыздану анықталмады. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға сезімтал келеді:

- транзиттік ара қатынаста жүк тасымалының көлемдеріне;
- кірістілік мөлшерлемесі, оған қоса тарифтердің өсуі, тасымалданатын жүк түрлері, жүк тасымалдауының қашықтығы; және
- дисконттау мөлшерлемесіне (WACC).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

**COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)**

***Теміржол активтері (жалғасы)***

Ел экономикасындағы жалпы үрдістермен, тарифтердің инфляция деңгейіне индексациясының жеткіліксіздігімен, теңгенің шетелдік валюталарға қатысты бағамының жалғасып отырған волатильділігімен, мемлекеттің қолдау деңгейімен байланысты жүк айналымы өсімінің жоспарланған үрдістеріндегі теріс өзгерістер, сондай-ақ келешекте өзге факторлардағы теріс өзгерістер мұндай өзгерістер орын алатын кезеңдерде құнсызданудан елеулі шығындардың пайда болуына әкеп соқтыра алады.

***Әуе кемелері***

2020 жылдың басындағы COVID-19 таралуына орай көптеген елдер әуе компанияларынан операцияларды шектеуді немесе тоқтата тұруды талап етті және сапарлар жасауға шектеулер мен карантин шараларын енгізді, соның нәтижесінде, басшылық 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздану индикаторлары бар деген тұжырымға келді.

Топтың әуе компаниялардың желісіне қызмет көрсету үшін оның паркінде барынша тиімді әуе кемелерін пайдалану арқылы келесі бірнеше жылдың ішінде барынша тиімді жұмыс істейтін әуе компаниясы ретінде білдіру дағдарысқа жауаптардың бірі болып табылады, бұл төрт Boeing 757-200 және төрт Embraer E190 есептен шығарылуына әкеп соқтырды. Топ бұл әуе кемелеріне қатысты пайдалану құқығы нысанындағы активтерге жататын 5.443 миллион теңге мөлшеріндегі құнсызданудан болған шығынды мойындады, өйткені бұл әуе кемелері қолданыстағы жалдау шарттарының мерзімдері аяқталғанға дейін пайдаланылмайды.

Бұл активтер үшін құнсыздану негізгі құралдардың құнсыздануынан болған шығын құрамында танылды *(26-ескертпе)*.

Қалған негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша өтелетін құн жоспарланған операциялық қызметтің нәтижесінде дисконтталған ақша ағындарын білдіретін пайдалану құнының негізінде айқындалған. Құнсызданудың болуын айқындау үшін Топ өтелетін құнды тиісті ақша ағындарын жасау үшін пайдаланылатын активтердің баланстық құнымен салыстырды. Ақша ағындарын болжау үшін Топ 2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қолжетімді болатын соңғы ақпаратты ескере отырып түзетілген бес жылдық бизнес-жоспарды пайдаланды. Ақша қаражатының ағындарын талдау кезінде келесі негізгі жорамалдар пайдаланылды:

- Дисконттау мөлшерлемесі ретінде капиталдың орташа алынған құны пайдаланылды, ол бүкіл болжамды кезеңге 11%-ды құрады;
- Ішкі рейстер 2021 жылдың екінші тоқсанының басында толықтай қалпына келтіріледі;
- Халықаралық рейстерге сұраныс 2020 жылдың соңында қалпына келе бастайды. Топ халықаралық нарық дағдарысқа дейінгі деңгейге 2022 жылдың екінші жартысында және 2023 жылдың басында шығады деп күтуде;
- Топ дағдарыс алдындағы жағдайға 2022 жылдан бастап оралады.

Келешек ақша ағындарының есептелген дисконтталған өлшемі тиісті негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құнынан асады. Басшылық екі шешуші жорамалды бөліп көрсетті, әрі олардың өзгеруі негізді түрде ықтимал болуы мүмкін және негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің баланстық құны келешек ақша ағындарының дисконтталған өлшеміне тең болатындығына әкеп соқтыра алады:

- EBITDAR-дың (салық салынғанға дейінгі пайданың, пайыздардың, тозу мен амортизацияның және лизингтің) 3,4%-ға төмендеуі;
- Топ капиталының орташа алынған құнының 2,8%-ға ұлғаюы.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**COVID-19 (коронавирус) пандемиясының ықпалы және ағымдағы экономикалық жағдай (жалғасы)**

***Резервтер бойынша жорамалдар***

Резервтерді дисконттау үшін қолданылатын несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген тәуекелсіз пайыздық мөлшерлеме 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде ұзақ мерзімді мемлекеттік облигациялар кірістілігінің өзгеруі нәтижесінде қайта қаралды. Бұл өзгертулер Топ резервтерін есептеуде қолданылатын Топтың дисконттау мөлшерлемесінің жалпы бағасына айтарлықтай әсер етпеді, өйткені дисконттау мөлшерлемелері айтарлықтай өзгермеді. Топтың қолындағы резервтеріне қатысты ақша ағындарының мерзімдері мен сомалары ағымдағы нарықтық жағдайдың нәтижесінде айтарлықтай өзгермеуі тиіс, дегенмен егжей-тегжейлі шолу кейіннен 2020 жылы жасалады.

***Өзге де бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар***

Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген барлық басқа маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар өзгеріссіз қалады, ешқандай жаңа маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар анықталмады.

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2020 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай -да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер алғаш рет 2020 жылы қолданыла, бірақ олар Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықпалын тигізбейді.

*«Бизнесті айқындау» 3 ХҚЕС-ке түзетулер*

3 ХҚЕС-ке түзетулерде бизнес болып есептелу үшін қызмет түрлері мен активтердің интеграцияланған жиынтығына кем дегенде үлес және принципиалды маңызы бар процесс кіруі тиіс екендігі түсіндіріледі, олар бірігіп едәуір шамада қайтарымның пайда болуына ықпалдаса алады. Бұл ретте бизнеске қайтарымдылықтың пайда болуына қажетті барлық үлестер мен процестер міндетті түрде кірмей қалуы да түсіндіріледі. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың ағымдағы қызметі бұл түзетулерге сәйкес келеді.

*«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау» 7 ХҚЕС-ке, 9 ХҚЕС-ке және 39 ХҚЕС-ке түзетулер*

*«Қаржы құралдары: мойындау және бағалау»* 7 ХҚЕС-ке, 9 ХҚЕС-ке, 39 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер базалық пайда мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық қатынастарға қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы хеджирлеудің қарым-қатынастарына әсер етеді, егер оны қолдану нәтижесінде хеджирлеу объектісі бойынша немесе хеджирлеу құралы бойынша базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген ақша ағындарының пайда болу мерзімдеріне немесе өлшеміне қатысты белгісіздіктер пайда болса. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені оның базалық пайыздық мөлшерлеме реформасымен қозғалуы мүмкін хеджирлеудің қарым-қатынастары жоқ.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

**Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

Түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын ұсынады, соған сай «егер ақпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бүркеу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын бұл қаржылық есеп берушіліктің негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есеп берушілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады».

Түзетулерде маңыздылық бүтіндей қарастырылатын қаржылық есеп берушілік контекстінде ақпараттың (бөлек не болмаса басқа ақпаратпен жиынтығында алынған) сипатына немесе сандық маңыздылығына байланысты болатындығы түсіндіріледі. Егер бұл қаржылық есеп берушіліктің негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге тұрарлық болса, ақпараттың бұрмалануы елеулі болып табылады. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді және оның әсері келешекте де болмайды деп күтілуде.

*2018 жылғы 29 наурызда шығарылған «Қаржылық есеп берушілікті ұсынудың концептуалдық негіздері»*

Концептуалдық негіздер стандарт болып табылмайды және Концептуалдық негіздердің бірде бір ережесінің стандарттың қандай да бір ережесіне немесе талабына басым түсетіндей күші жоқ. Концептуалдық негіздердің мақсаты мынада: ХҚЕС жөніндегі Кеңеске стандарттарды әзірлеуге жәрдемдесу; стандарттардың бірде бірі белгілі бір операцияны немесе өзге де оқиғаны реттемегенде, есеп саясатының ережелерін әзірлеу кезінде қаржы есептерін жасаушыларға жәрдемдесу; және барлық тараптарға стандарттарды түсінуде және түсіндіруде жәрдемдесу.

Концептуалдық негіздердің қайта қаралған редакциясы бірнеше жаңа тұжырымдаманы, активтер мен міндеттемелердің жаңартылған анықтамаларын және оларды мойындау критерийлерін қамтиды, сондай-ақ кейбір маңызды ережелерді түсіндіреді.

Бұл құжаттың қайта қаралуы Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

## 3. ҚЫЗМЕТТІҢ МАУСЫМДЫ СИПАТЫ

Топтың операциялық шығындары маусымдық құбылуларға ұшырағыш келеді. Бұл ретте материалдарға, өндірістік қызметтерге, техникалық қызмет көрсетуге және өзге де қызметтерге барынша жоғары шығындар алғашқы алты айда емес, әдетте екінші жартыжылдықта күтіледі. Мұндай құбылулар, негізінен, екінші жарты жылдықтың ішінде тауарлар мен қызметтерді сатып алу үшін алғашқы жарты жылдықтың ішінде ресми ашық тендерлерді өткізу талаптарынан туындаған.

## 4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде Топ қолданылатын есеп саясатына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауды пайдаланып, жорамалдар жасайды. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау процесінде Топтың есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде басшылық жасаған негізгі пікірлер мен бағалаудың шешуші көздері 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікті дайындау кезінде қолданылған пікірлер мен бағалауларға сәйкес келеді.

## 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

**Logistic System Management B.V.**

2019 жылғы қарашада Топ екінші қатысушыдан (үшінші тараптан) Logistic System Management B.V. бірлескен кәсіпорын акцияларының 50%-ын сатып алу шартын жасады. Кейінге қалдырылатын талаптардың болуына орай, Топ 2020 жылғы мамырдың соңында мәмілені аяқтады және 73.000 мың АҚШ доллары мөлшерінде (ақы төлеу күніне баламасы 30.669 миллион теңге) сатып алынған акциялар үшін ақша қаражатын аудару арқылы төлем

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

жасады. Нәтижесінде, Топ «Кедентранссервис» АҚ қазақстандық компанияның жалғыз акционері Logistic System Management B.V. бақылау алды.

«Кедентранссервис» АҚ Қазақстан Республикасында клиенттердің ауқымды базасы бар логистикалық терминалдардың жетекші операторы болып табылады. Жылжымалы құрамды басқару қызметтерін шоғырландыру, терминалдық және өзге де қызметтердің есебінен «Кедентранссервис» АҚ-ның базасында Топ контейнерлер, вагондар паркімен және терминалдармен контейнерлік тасымалдау қызметтерін көрсету бойынша интеграцияланған компанияны құруды жоспарлап отыр. Топ басшылығының пайымдауынша, бұл жобаның іске асырылуы Топтың Қазақстанның контейнерлер нарығындағы үлесін, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бұл бағыттың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сатып алу амалы сатып алу әдісін пайдалана отырып ескерілген.

Сатып алу құнының сатып алу күніне сатып алынған таза сәйкестендірілетін активтердің көлемінен асуы 35.822 миллион теңгені құрады және алдын ала гудвил ретінде жіктелді. Бизнесті сатып алудың бастапқы есепке алынуы 2020 жылғы 30 маусымға аяқталмады және аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте алдын ала бағаланған сомалар көрсетілген. Топ 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілікте сәйкестендірілетін сатып алынған активтерді және сатып алу күніне қабылданған міндеттемелерді шартты (баланстық) құны бойынша алдын ала көрсетті. Logistic System Management B.V. капиталында бұрын тиесілі болған үлестің әділ құны екінші қатысушыдан үлестің 50%-ын сатып алу бойынша мәміле бағасының негізінде алдын ала айқындалған. Топ басшылығы сатып алынған таза сәйкестендірілетін активтердің әділ құнын, сондай-ақ алдын ала гудвилді бағалауды сатып алу күнінен бастап бір жылдың ішінде аяқтауды жоспарлап отыр.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 5. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ (жалғасы)

**Logistic System Management B.V. (жалғасы)**

Төменде сатып алудың жиынтық құнын Топ жасаған сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелердің әділ құнына алдын ала бөлінуі көрсетілген.

| *Миллион теңгемен* | Сатып алу күніне |
|---|---|
| **Активтер** | |
| **Ұзақ мерзімді активтер** | |
| Негізгі құралдар | 18.056 |
| Материалдық емес активтер | 146 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 4.635 |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 2 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 13 |
| **Ағымдағы активтер** | |
| Қорлар | 1.233 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 260 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 698 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 9 |
| Сауда дебиторлық берешек | 3.557 |
| Өзге де ағымдағы активтер | 3.038 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 4.170 |
| **Активтердің жиыны** | **35.817** |
| **Міндеттемелер** | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 2.466 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 140 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | 419 |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 413 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | 17 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 3.483 |
| Өзге де ағымдағы міндеттемелер | 3.363 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **10.301** |
| **Таза активтер** | **25.516** |
| Ақшалай сыйақы | 30.669 |
| Бұрын Топқа тиесілі болған таза активтердегі үлес | 14.670 |
| Бірлескен кәсіпорында бұрын тиесілі болған үлестің әділ құнына дейін үстеме бағалау | 15.999 |
| Сәйкестендірілген таза активтерді шегергенде | (25.516) |
| **Сатып алу кезінде пайда болған алдын ала гудвил** | **35.822** |

Еншілес ұйымды сатып алу бойынша таза ақшалай төлемдер:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| Ақшалай сыйақы | 30.669 |
| Сатып алынған ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергенде | (4.170) |
| | **26.499** |

Егер бизнесті біріктіру 2020 жылғы 1 қаңтарда болса, Топтың 2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін түсімі мен пайдасы тиісінше 11.910 миллион теңгеге және 251 миллион теңгеге көбірек болар еді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 6. САТУҒА АРНАЛЫП ЖІКТЕЛГЕН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКТИВТЕР

**Есептен шығару**

*«Транстелеком» АҚ*

2018 жылғы сәуірде «Транстелеком» АҚ акциялары пакетінің 26%-ын минус 1 (бір) акциясын сату бойынша сатып алу-сату шарты жасалды. 2020 жылғы 24 қаңтарда сатып алушыдан «Транстелеком» АҚ акцияларының 26%-ын минус 1 (бір) акциясы үшін сатып алу бағасының қалдығын түсті. 2020 жылғы 29 қаңтарда «Транстелеком» АҚ-ның акциялары есептен шығарылды, тиісінше, Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылды және 9.086 миллион теңгеге тең болатын қалған акциялардың 25% әділ құны бойынша қауымдасқан ұйымға инвестициялар ретінде *(9-ескертпе)* және капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте 14.040 миллион теңге мөлшерінде «Транстелеком» АҚ-да бақыланбайтын қатысу үлесінің есептен шығарылуы ретінде мойындады *(16-ескертпе)*.

Бақылаудан айырылу күніне «Транстелеком» АҚ-ның таза активтері былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **Есептен шығару күніне таза активтер** |
|---|---|
| Негізгі құралдар | 85.466 |
| Материалдық емес активтер | 4.607 |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері | 97 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 577 |
| Қорлар | 2.307 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | 767 |
| Табыс салығы бойынша алдын ала төлем | 169 |
| Сауда дебиторлық берешек | 8.333 |
| Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек | 798 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 27 |
| Өзге де ағымдағы активтер | 12.171 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 6.352 |
| **Активтердің жиыны** | **121.671** |
| Қарыздар | 53.139 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | 1.853 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер | 4.467 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | 504 |
| Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер | 2.472 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 18.841 |
| Өзге де ағымдағы міндеттемелер | 7.646 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **88.922** |
| **Таза активтер** | **32.749** |

Еншілес ұйымның шығуынан болған ақша қаражатының таза ағыны:

| *Миллион теңгемен* | |
|---|---|
| Ақшалай сыйақы | 9.450 |
| Бұрын алынған авансттар | (470) |
| Минусы: есептен шығарылған ақша қаражаты мен оның баламалары | (6.352) |
| **Ақша қаражатының таза ағыны** | **2.628** |

«Транстелеком» АҚ 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап есептен шығару күніне дейінгі кезең үшін шеккен шығын 16 миллион теңге болды. «Транстелеком» АҚ-ның есептен шығарылуынан болған шығын 173 миллион теңге болды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 6. САТУҒА АРНАЛЫП ЖІКТЕЛГЕН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУЛАР ЖӘНЕ АКТИВТЕР (жалғасы)

### Есептен шығару (жалғасы)

*«Қорғас – Шығыс қақпағы» АЭА УК» АҚ («Қорғас»)*

2020 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 наурыздағы Қаулысының негізінде Топ Қорғас акциялары пакетінің 100%-ын Алматы облысының әкімдігіне өтеусіз берді. Нәтижесінде Топ Қорғасқа бақылаудан айырылды және 24.809 миллион теңге мөлшерінде таза активтердің есептен шығарылуын капиталдағы бөлінбеген пайда арқылы мойындады *(16-ескертпе)*.

Бақылаудан айырылу күніне Қорғастың таза активтері былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | **Есептен шығару күніне таза активтер** |
|---|---|
| Негізгі құралдар | 20.219 |
| Материалдық емес активтер | 555 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 2.734 |
| Қорлар | 16 |
| Сауда дебиторлық берешек | 31 |
| Өзге де ағымдағы активтер | 332 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 1.886 |
| **Активтердің жиыны** | **25.773** |
| Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер | 3 |
| Сауда және өзге де кредиторлық берешек | 847 |
| Өзге де ағымдағы міндеттемелер | 114 |
| **Міндеттемелер жиыны** | **964** |
| **Таза активтер** | **24.809** |

Қорғастың 1 қаңтардан бастап есептен шығару күніне дейінгі кезең үшін түсімі мен шығыны тиісінше 60 миллион теңге және 1.248 миллион теңге болды.

### Жиынтық ақпарат

Сатуға арналып жіктелген активтер мынадай түрде берілген:

| *Миллион теңгемен* | **Сегмент** | **2020 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| «Транстелеком» АҚ | Тасымалдау | **–** | 106.247 |
| Басқа | | **10.549** | 24.240 |
| | | **10.549** | 130.487 |

Сатуға арналып жіктелген активтерге байланысты міндеттемелер мынадай түрде берілген:

| *Миллион теңгемен* | **Сегмент** | **2020 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | 2019 жылдың 31 желтоқсанына (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| «Транстелеком» АҚ | Тасымалдау | **–** | 85.656 |
| Басқа | | **886** | 130 |
| | | **886** | 85.786 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдардағы қозғалыс былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ активтері | Құбыржолдар және МӨЗ активтері | Ғимараттар мен құрылыстар | Теміржол жолдары және инфра-құрылым | Машиналар, жабдық және көлік құралдары | Тау-кен активтері | Өзгесі | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 жылғы 1 қаңтарға қалдық құны (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)** | 4.232.980 | 2.186.306 | 1.148.047 | 1.134.626 | 3.204.886 | 164.837 | 169.741 | 900.390 | 13.141.813 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **206.341** | **26.474** | **5.077** | **(59)** | **16.156** | **–** | **5.022** | **7.263** | **266.274** |
| Есепті бағалаудағы өзгерістер | **(29.573)** | **(1.672)** | **(59)** | **–** | **(2.180)** | **(33)** | **135** | **–** | **(33.382)** |
| Түсімдер | **9.128** | **6.493** | **4.137** | **1** | **43.092** | **7.443** | **1.979** | **397.014** | **469.287** |
| Жалдау шарттары бойынша түсімдер | **–** | **–** | **1.959** | **–** | **81.944** | **–** | **46** | **2** | **83.951** |
| Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу *(5-ескертпе)* | **–** | **–** | **6.813** | **–** | **7.817** | **–** | **455** | **1.128** | **16.213** |
| Есептен шығару | **(7.021)** | **(15.562)** | **(13.869)** | **(233)** | **(28.100)** | **–** | **(2.055)** | **(1.624)** | **(68.464)** |
| Тозу бойынша шығыстар | **(144.588)** | **(73.175)** | **(33.423)** | **(18.540)** | **(161.677)** | **(13.873)** | **(10.034)** | **–** | **(455.310)** |
| Тозу және шығулар бойынша құнсыздану | **5.824** | **6.519** | **2.788** | **128** | **9.515** | **–** | **1.736** | **845** | **27.355** |
| Түзету жасауды шегергендегі құнсыздануға арналған резерв, нетто | **(41.758)** | **(152.524)** | **(1.170)** | **(41)** | **(12.605)** | **–** | **(254)** | **(3.238)** | **(211.590)** |
| Тоқтатылған қызмет/сатуға арналған активтерге аударымдар | **–** | **(3)** | **(16)** | **–** | **(77)** | **–** | **(2)** | **9** | **(89)** |
| Материалдық емес активтерден/(ге) аударымдар | **(253)** | **–** | **–** | **–** | **–** | **5** | **(580)** | **(1.540)** | **(2.368)** |
| Барлау активтерінен/(не) / инвестициялық жылжымайтын мүліктен/(ке) аударымдар | **–** | **–** | **(15.900)** | **–** | **–** | **18** | **–** | **–** | **(15.882)** |
| Қорлардан/(ға) аударымдар, нетто | **19** | **653** | **–** | **(360)** | **110** | **1.024** | **97** | **(210)** | **1.333** |
| Өзге де аударымдар және қайта топтасулар | **41.441** | **9.673** | **33.012** | **11.473** | **107.002** | **1.335** | **3.873** | **(207.809)** | **–** |
| **2020 жылдың 30 маусымына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | **4.272.540** | **1.993.182** | **1.137.396** | **1.126.995** | **3.265.883** | **160.756** | **170.159** | **1.092.230** | **13.219.141** |
| Бастапқы құн | **5.874.830** | **3.504.603** | **1.693.441** | **1.399.447** | **5.617.861** | **330.469** | **334.431** | **1.184.248** | **19.939.330** |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | **(1.602.290)** | **(1.511.421)** | **(556.045)** | **(272.452)** | **(2.351.978)** | **(169.713)** | **(164.272)** | **(92.018)** | **(6.720.189)** |
| **2020 жылдың 30 маусымына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | **4.272.540** | **1.993.182** | **1.137.396** | **1.126.995** | **3.265.883** | **160.756** | **170.159** | **1.092.230** | **13.219.141** |
| Бастапқы құн | 5.615.863 | 3.437.819 | 1.661.680 | 1.390.130 | 5.395.828 | 320.677 | 324.215 | 994.697 | 19.140.909 |
| Жинақталған тозу және құнсыздану | (1.382.883) | (1.251.513) | (513.633) | (255.504) | (2.190.942) | (155.840) | (154.474) | (94.307) | (5.999.096) |
| **2019 жылдың 31 желтоқсанына қалдық құны (аудит жүргізілді) (қайта есептелгені)** | 4.232.980 | 2.186.306 | 1.148.047 | 1.134.626 | 3.204.886 | 164.837 | 169.741 | 900.390 | 13.141.813 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР (жалғасы)

| *Миллион теңгемен* | Мұнай-газ активтері | Құбыржолдар және МӨЗ активтері | Ғимараттар мен құрылыстар | Теміржол жолдары және инфра-құрылым | Машиналар, жабдық және көлік құралдары | Тау-кен активтері | Өзгесі | Аяқталмаған құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Оның ішінде жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер*** | | | | | | | | | |
| **2020 жылғы 1 қаңтарға қалдық құны (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)** | 43.814 | 928 | 71.531 | – | 276.203 | – | 22.484 | – | 414.960 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | 2.373 | 29 | 803 | – | 12.008 | – | 975 | – | 16.188 |
| Есепті бағалаудағы өзгерістер | – | 90 | (6) | – | (537) | – | 135 | – | (318) |
| Жалдау шарттары бойынша түсімдер | – | – | 1.959 | – | 81.944 | – | 46 | 2 | 83.951 |
| Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу *(5-ескертпе)* | – | – | 939 | – | 813 | – | – | – | 1.752 |
| Есептен шығару | – | – | (165) | – | (12.894) | – | (752) | – | (13.811) |
| Тозу бойынша шығыстар | (3.524) | (140) | (7.855) | – | (29.124) | – | (1.557) | – | (42.200) |
| Тозу және шығулар бойынша құнсыздану | – | – | (124) | – | 4.453 | – | 518 | – | 4.847 |
| Түзету жасауды шегергендегі құнсыздануға арналған резерв, нетто | – | – | – | – | (5.443) | – | – | – | (5.443) |
| **2020 жылдың 30 маусымына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | **42.663** | **907** | **67.082** | **–** | **327.423** | **–** | **21.849** | **2** | **459.926** |
| Жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны | 52.363 | 1.495 | 89.982 | – | 528.754 | – | 25.154 | 2 | 697.750 |
| Жинақталған тозу және жалдау шарттары бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құнсыздануы | (9.700) | (588) | (22.900) | – | (201.331) | – | (3.305) | – | (237.824) |
| **2020 жылдың 30 маусымына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | **42.663** | **907** | **67.082** | **–** | **327.423** | **–** | **21.849** | **2** | **459.926** |

2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 1.001.679 миллион теңге сомасындағы таза баланстық құны бар негізгі құралдар Топтың кейбір қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде салынды (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1.101.686 миллион теңге).

2020 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың толығымен есептелген тозуы бар негізгі құралдарының бастапқы құны 1.176.509 миллион теңгені (2019 жылғы 31 желтоқсан: 1.088.767 миллион теңге) құрады.

2020 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Топ 14.264 миллион теңге сомаға 3,5% мөлшерінде орташа өлшенген пайыздық мөлшерлемесі бойынша қарыздар бойынша шығындарды *(17-ескертпе)* (2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 9.820 миллион теңге сомаға 5,3% мөлшерлемесі бойынша) капиталдандырды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтердің қозғалысы былайша көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Лицен-зиялар | Жер қойнауын пайдалану құқықтары | Гудвилл | Маркетинг бойынша материал-дық емес активтер | Бағдар-ламалық жасақтама | Өзгесі | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2020 жылғы 1 қаңтарға қалдық құны (аудит жүргізілген) (қайта есептелген)** | 700.364 | 845.690 | 301.549 | 28.960 | 51.900 | 75.535 | 2.003.998 |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **27.490** | **10.900** | **557** | **1.628** | **205** | **549** | **41.329** |
| Түсімдер | **369** | **50** | **–** | **–** | **2.466** | **1.254** | **4.139** |
| Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу *(5-ескертпе)* | **–** | **–** | **35.822** | **–** | **146** | **–** | **35.968** |
| Есептен шығару | **(637)** | **–** | **–** | **–** | **(1.118)** | **(830)** | **(2.585)** |
| Амортизация бойынша шығыстар | **(22.604)** | **(17.966)** | **–** | **–** | **(9.322)** | **(2.564)** | **(52.456)** |
| Есептен шығару бойынша тозу | **633** | **–** | **–** | **–** | **399** | **–** | **1.032** |
| (Құнсыздану)/құнсызданудан болған шығынды қалпына келтіру, нетто | **–** | **–** | **–** | **(6.765)** | **(376)** | **–** | **(7.141)** |
| Негізгі құралдарға(дан) аударымдар | **64** | **253** | **–** | **–** | **636** | **1.415** | **2.368** |
| Өзге де аударымдар және қайта топтасулар | **846** | **–** | **–** | **–** | **1.958** | **(2.804)** | **–** |
| **2020 жылдың 30 маусымына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | **706.525** | **838.927** | **337.928** | **23.823** | **46.894** | **72.555** | **2.026.652** |
| | | | | | | | |
| Бастапқы құн | **839.471** | **923.846** | **454.895** | **61.151** | **167.284** | **142.425** | **2.589.072** |
| Жинақталған амортизация және құнсыздану | **(132.946)** | **(84.919)** | **(116.967)** | **(37.328)** | **(120.390)** | **(69.870)** | **(562.420)** |
| **2020 жылдың 30 маусымына қалдық құны (аудит жүргізілмеген)** | **706.525** | **838.927** | **337.928** | **23.823** | **46.894** | **72.555** | **2.026.652** |
| | | | | | | | |
